

Ұ.Сәменқызы \* 

Филология ғылымдарының магистрі,  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
Тараз қ., Қазақстан  
[ulpan.samenkyzy@mail.ru](mailto:ulpan.samenkyzy@mail.ru)

Р.С. Тұрысбек 

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан  
[Rst58@mail.ru](mailto:Rst58@mail.ru)

## ЖАЗУШЫ А. КЕМЕЛБАЕВА ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ТҰЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ

*Аңдатпа.* Мақалада жазушы А. Кемелбаеваның әңгімелеріндегі тұлға концепциясы қарастырылған. Шығармадағы тұлға концепциясы – автор дүниетанымының, ұстанымының нәтижесі. Тұлға – автор көзқарасын тасымалдаушы. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты автор мен тұлға арасында тығыз бірліктің барлығын жазушы әңгімелері негізінде қарастырып, образдардың жасалу ерекшеліктері мен танымдық-идеялық сипатын, көзқарас даралығын талдау болып табылады. Автордың әңгімелеріндегі образдар әр түрлі саланың қарапайым еңбек адамдары болғанмен, бүгінгі уақыттың білімді, дүние құбылысына зерек тұлғалар. Жаратылыстың тылсым қуатын сезініп, оны түсінуде халықтың наным-сенімдеріне сүйенеді. Жаратушының хақтығына, оның құдірет-күшіне сенеді. Наным-сенім бостандығы, имандылық, оның адам өміріндегі маңызы жазушы қаһармандарының басты сипаттарының бірі екендігі байқалады. Туындыларындағы негізгі бағыт әлемдік әдебиеттің озық үлгілерінен нәр алған оның әңгімелері тосын сюжеттік дамуымен, тың көркемдік шешім және мазмұн байлығымен, ұлттық колоритімен ерекшеленеді. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы қазіргі қазақ прозасының даму үдерісін, көркемдік ізденістері мен дәстүр жалғастығын зерделеуде әдебиеттану ғылымына қосар үлесі бар деп білеміз. Өйткені А. Кемелбаева – өзгелерді қайталамайтын, әрдайым тың ізденістерімен, стильдік даралығымен қазақ әдебиетіне жаңалықтар әкеліп отырған жазушы. Әсіресе әңгімелеріндегі мифтік-мистикалық сипат, детективтік желі, этнографиялық көріністер, ауыз әдебиетіндік дәстүрлі үлгілерді жандандырып пайдалану автордың стильдік даралығын, суреткерлік дүниетаным ерекшелігін білдіреді. Әдеби мәтіндерге филологиялық талдау жасауда биографиялық, тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, психоаналитикалық әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындары филология бағытының арнаулы курстарінде, қазіргі қазақ әдебиеті дәрістері лекциясында пайдалануға болады. Жұмыс қорытындысының теориялық-практикалық маңызы әдебиеттану ғылымындағы тұлға концепциясының көркем шығарманы талдаудағы басты орны, тарихилық сипаты және өзге де ерекшеліктері анықталуымен сипатталады.

*Тірек сөздер.* Тұлға концепциясы, суреткерлік дүниетаным, көркемдік шындық, авторлық ұстаным.

**Кіріспе.** Тұлға және автор, тұлғаның көркемдік концепциясы - қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Заман, қоғам өзгерісі адамның алдына жаңа мәселелерді ұсынады. Мәселен, кешегі кеңестік кезең саясатына орай кеңестік әдебиетте

коммунист образы бірінші кезектегі жарқын тұлға ретінде суреттелініп келді. Қазіргі уақытта бұл бейне өз мәнін жойып, тарихтың еншісіне ығысты. Тәуелсіздік кезең әдебиетіндегі тұлға концепциясы жаңарды. Әдебиетте бұрынғыдай жағымды және жағымсыз

образдар деген түсінік жойылды. Қазіргі адам – жан дүниесі мың қатпарлы күрделі тұлға. Уақыт, қоғам да өзгеше. Қазіргі уақыт тұйықталып қалған қоғам емес. Әлемдік байланыстарға жол ашық. Әр алуан дәстүрлі, таным-түсініктері мүлде бөлек әлем халықтары бір-бірімен қатысып жатыр. Бұл үрдіс қазіргі қазақ халқының ұлттық болмысына да елеулі ықпал жасауда. Әлемдік байланыстардың ашықтығына орай, қазақ халқы сондай-ақ күрделі мәселелермен де беттесіп келеді. Сондықтан қазіргі әдебиеттегі тұлға концепциясы күрделі және ауқымды категория деп есептеледі.

Әдебиеттану ғылымында тұлға концепциясы мәселесі ХХ ғасырдың 50-60-жылдарынан бастап қарастырыла бастады. «Тұлға концепциясы» ғылыми терминін алғаш рет әдебиеттанушы Л.И. Тимофеев өз еңбегінде пайдаланды. Тұлғаның көркемдік концепциясы ұғымының бұған дейін қолданылып келген «қаһарман», «бейне» ұғымдарынан ерекшелігі әдебиет зерттеушілерінің сөзінше, көркем туындыны талдаудың басты негізі болуы қажет. Бұл автордың шығармашылық үдерісін – образдар эволюциясын тануға мүмкіндік ашады. Жазушы суреттеуіндегі адам өмірінің динамикасы, ұлттық болмысы зерделенеді. Өмір құбылыстарына бағасы, философиялық-суреткерлік ұстанымы анықталады. Көркемдік әлемі, эстетикалық мұраты, т.б. танылады. Мәселен, образ, бейне дегенде белгілі бір шектелушілік байқалса, тұлға концепциясы барынша кең көлемді, жан-жақты ұғым. Бұл туралы әдебиеттанушы Л.А. Колобаева: «Тұлғаның көркемдік концепциясы – белгілі бір әдеби контексте адамның тұлға ретіндегі идеялары, көзқарастары, пайымдау, түсіну және бейнелеу

принциптерінің жиынтығын көрсететін ұғым» [1, 35], - дейді.

Тұлға концепциясы туралы орыс әдебиеттану ғылымында көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді [2]. Қазақ әдебиеттану ғылымында нақты тұлға концепциясы деп қарастырылмағанмен, автор-қаһарман-уақыт-адамдық құндылық мәселелері белгілі зерттеушілердің негізгі зерттеу объектісі болды.

Мақалада қазіргі қазақ прозасының белгілі өкілі Айгүл Кемелбаева әңгімелеріндегі автор мен тұлға концепциясының өзіндік сипаттары қарастырылады. Зерттеу жұмысы қазіргі прозадағы әдеби үдеріс пен көркемдік ізденстің жаңа бағыттарын зерделеуге бағытталған.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Жазушы, мемлекеттік Дарын сыйлығының лауреаты А. Кемелбаеваның «Тобылғысай» повесть және әңгімелер жинағы (2001), «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын алған шығармалар жинағы (2022) мен әдебиет, мәдениет сайттарында жарияланған әңгімелері талдау объектісіне алынды. Мақалада әдеби мәтінге филологиялық талдау жасалынып, биографиялық, тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, психоаналитикалық, т.б. әдістер қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Мақалада жазушы А. Кемелбаеваның әңгімелеріндегі тұлға концепциясы, көркемдік сипаттары талданып, мынандай нәтижелер анықталды:

- Әңгімелеріндегі сюжет тосындығы, реалистік дәстүрмен қатар мистика мен мифтік желілерді, халықтық ауыз әдебиеті үлгілерін шығармашылықпен еркін пайдалану, диалогке үлкен көркемдік жүк артып, кейіпкер мінезін ашу, интелектілік, мазмұнға бай авторлық баяндау, тілдік-стильдік ерекшеліктер анықталды;

- Қазіргі әңгіме жанрындағы тың ізденіс магиялық, шежірелік-отбасылық проза үлгілерін жасауда автордың көркемдік ізденістері зерделенді;

- Жазушы әңгімелеріндегі тұлға концепциясының ерекшелігі айқындалды.

**Зерттеу нәтижелерін талқылау.** А. Кемелбаева – қазіргі қазақ прозасының дарынды өкілі, әдебиеттанушы, кинодраматург, эссеші. 1982 жылы мектеп бітірген соң, 1984-1987 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде 3-курсте оқып, одан араға 2 жыл салып, Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының проза бөлімінде білімін жалғастырған. Ол – ерте танылған талант. «...15 жасымда проза жаза бастадым, сол повесім 1983 жылы республикалық жабық конкурста екінші орын иеленді. 1986 жылы «Жалын» баспасынан алғашқы кітабым шықты» [3], - дейді.

Қаламгердің «Жетінші құрылыққа саяхат» (1986), «Тобылғысай» (2001), «Мұнара» (2003), «Мәжнүн жүрек» (2013), «Сөз хикмет» (2016) әңгімелер мен повестері, романы мен эсселері бүгінде оқырманға жақсы таныс. Туындылары бірнеше мәрте байқау жүлдегері болды, шетелдік антологияларға енді. Әңгімелері орыс, түрік, әзірбайжан, неміс тілдеріне, «Мұнара» романы ағылшын тіліне аударылды.

Зерттеу объектісіне алынған жазушының әңгімелері идеялық-жанрлық, стильдік сипатымен дараланады. Тосын мистикалық оқиғалар, мол этнографиялық таным-түсінік, бұрыннан таныс деген сюжеттің басқаша өрбуі мен соны көркемдік шешім, ауыз әдебиетіндік үлгілердің дамытылып пайдаланылуы мен баяндау формасының өзгешелігі «Тырнақ», «Шашты», «Қоңырқаз», «Көкқия» әңгімелеріне де тән.

2023 жылғы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының «Үздік проза» номинациясы бойынша жеңімпазы атанған «Тырнақ» әңгімесінің басталуынан-ақ сөздің әсерлілік қуаты сезіледі. «Өларада ай бетін жуады. Бақташы түбі тесілгендей үш күн үзбей жауған сел жаңбырдан ми батпақ болған жердің сызы сүйегіне шейін өтіп кеткенін сезді. Боз мұнар соқыр тұман тұмшалап жер бедерін көрмей оңбай адасты. Темірқазық айналған жеті қарақшы шор қара бұлттар саңылаусыз жапқан күмбезден жоғалып кеткен» [4].

Табиғаттың түнеріңкі көрінісі мен кейіпкердің әбден қалжырап, сілікпесі шыққан көңіл-күйі тығыз бірлікте суреттелген. Автор кеңістік пен адам қатысын суреттеуде бояуды қалыңдата жағып, оқырманның сезіміне әсер етер бейнелі сөздерді үстемелеп қолданған. Шынында, сөздің магиялық қуаты, қорқынышты орта бейнесі экспозицияда оқырманды билеп алады. *Үш күн үзбей жауған сел жаңбыр, ми батпақ, сүйекке шейін өтіп кеткен жердің сызы, боз мұнар соқыр тұман, шор қара бұлттар, саңылаусыз күмбез* тәрізді бейнелі тіркестер, біріншіден, өзгелерге ұқсамайтын тілдік-стильдік ерекшелікті білдірсе, екіншіден, дүние-құбылысты ешкімге ұқсамай басқаша қабылдаған суреткерлік дүниетаным даралығын байқатады. Қат-қабат бояу, үстеме қолданыстар бір қарағанда, оқырманның қабылдауына ауыр тиетін сияқты көрінгенмен, шындығында мазмұн байлығымен, тың мәліметтерімен, нақтылығымен, шынайылығымен үйіріп алады. Жазушы баяндауында жұтаңдық жоқ. Тоқырап, таусылып қалу байқалмайды. Объектіні терең танып қана қоймай, шығармашылық қиялмен биікке көтере бейнелейді.

Сілікпесі шыққан бақташы ат тізгінін қоя берген. Сөйтсе, астындағы аты бұрыннан таныс ескі қыстауға

әкеліпті. Басқа барар жер, басар тауы жоқ ол жан сауғалап, әкесінің иесіз қалған қыстауына кіргенде, жан даусы шығады. Есіктің тұтқасына байланған аты да шошына аспанға шапшиды. Іздеп шыққан адамдар кейін оны қыстаудан шала-жансар күйінде табады. Үстіндегі киімі алба-жұлба, белгісіз тырнақ іздері бүкіл денесін қан жоса еткен. Бақташы Бозтай өлерінде «тырнақ» деген жалғыз ауыз тілге келіп, жан тәсілім етеді.

Әңгіменің экспозициясы оқырманын жұмбақ күйге тірейді. Апырай, бейбіт күнде болған бұл неткен қасірет? Туындыда драматизм күшейе түседі. Ис-әрекет үстінде қаһарманның басындағы жұмбақ жағдай айқындала бастайды. Тұтастай алғанда, автор шығармашылық процесте оқырманын бір мезет есінен шығармайтын тәрізді.

Кейіпкердің жұмбақ өлімі ауданнан арнайы келген полиция сержанты Саян Жұматаевтың тергеу ісімен терендетіледі. Оған Бозтайдың нағашылы-жиенді бірге өскен құрдасы Ерболат қосылады. Екеуі ескі қыстауға қайта келеді. Арпалыс болған жерде бір белгінің қалмауы мүмкін емес. Адам айтса, нанғысыз жайт. Ескі қыстау ішінде арпалыстан еш айғақ жоқ. Қабырғадағы жоғарыдан төмен салбыраған өрмекшілердің торы бұзылмастан сол күйінде тұр. Сонда да полиция сержанты қыстау ішін, түкпір-түкпір, бұрыш-бұрышты суретке түсіріп алады.

Мистикалық бояуы басым өлім эпизоды бұдан кейінгі сюжеттік дамуда өлім сырын тануға бағытталады. Автор оқиғаның өрістеуі мен дәлелді шебер қиыстырған. Бозтай өлер алдында неге «тырнақ» деген жалғыз ауыз сөзді айтты? Неге үсті-басының сау тамтығын қалдырмай тырнақ осып тастаған? Қыстауда арпалыстың ізі неге жоқ?

Сюжеттің дамуы тырнақ пен шаш жөніндегі әр қилы әңгіме енді халықтың

ғасырлық тәжірибесімен, наным-сеніммен, әлемдік аңыз-әпсанамен, Құранның Хадис-аяттарымен өрбітіледі. Туындының оқырманын ойлантатын танымдық-ғибраттық қуаты осы тұста. Автор шығармада оның формасын сәтті тапқан. Жиеннің жұмбақ өлімі жанын беймазальыққа ұшыратқан Ерболаттың ежіктей сұрауымен Ишанбай молда ескіліктен, Құран аяттарынан әңгіме өрбітсе, әкесінің күйзелісін сезінген Лондонда оқитын ұлы шаш пен тырнаққа қатысты әлемдік ақпараттарды жинақтап, интернет арқылы жолдайды. Тергеушінің ескі қыстаудың ішін түсірген фотосуреттен қара дақтың көзге шалынуы ой-сананы дағдартады.

Туындыдан авторлық позиция айқын көрінеді. Мистикалық тосын сюжет, кейіпкерлердің өзара диалогтері, өмір, тылсым күш туралы әр алуан толғамдар, тұтастай алғанда, автордың идеясын, көзқарас-танымын оқырманға жеткізу құралына айналған. Автордың шығармашылық тұлғасы танылады. М. Оразбектің: «Шындығында, автор өзінің жеке бейнесін емес, көркем шығарманы жазу барысында әрқилы образдар жасай отырып, объективті өмірді, субъективті сананы суреттеуге ұмтылады. Сол арқылы өзінің шығармашылық тұлғасын айқындайды» [5, 84] деген тұжырымы тұлға және автор байланысын бекіте түседі. Әңгімеден автордың қазіргі қоғамда етек алып бара жатқан көптеген түйткілді шындыққа жауап іздеуі, оқырман көңілін соған аударуы аңғарылады. Расында, ата-бабаның ғасырлық өмір-танымына, тәжірибесімен жинақталған салт-дәстүрге, тыйым-ырымға мән беріп жүрміз бе? Бүгінгі ұрпақ түп-тамырынан қол үзіп, тым жайдақтанып, әлдебір жапсырма, түбі тайыз көзқарас-бағыттардың жетегінде кетіп бара жатқан жоқ па? Жазушы осындай сұрақтар қояды. Ырым-

тыйымның әншейін сөз емес, оның астарында көп сыр жатқанын білдіреді.

Шығарманың эстетикалық-танымдық қуаты осында. Туындыда шаш-тырнақ туралы ырым-тыйымдар мен әр алуан түсініктер әлемдік, мұсылмандық және қазақылық дүниетанымдармен салыстырыла қаралады. Сонда бір қызығы дүниежүзінің әр алуан халықтарының таным-түсініктері мен діни қағидаттар қазақылық наным-сеніммен қайшы келмейді екен. Туындының мистикалық сипаты этнографиялық мазмұнмен байытылған.

Айдаладағы, не бейіт маңындағы жалғыз ешкі, иесіз қалған ескі қыстау, бейуақта жатпау, шашты, тырнақты түнде алмау, Айға саусағыңды шошайтпау секілді ырым-тыйым жөнінде бүгінде жеткіншектерге ата-ана тарапынан айтылып, ескертіліп жүр ме? Сондықтан автор кейіпкерлер диалогтері арқылы осы түсінікті өрістеткен. «Шаш, тырнақ сияқты лас нәрсені отқа тастамайды, от шамданады. Бұрын тырнақ алған пышақты жерге жеті рет сұққылап, ластан тазалайтын» дейді молда. Құрдасының беймезгіл қазасы жанына ауыр тиген Ерболаттың оқудағы ұлына: «- Балам, ұлттық дәстүрді, бойтұмарды ескілік қалдығы көру теріс. Жас баланы қауіп-қатерден сақтасын деп үкі қауырсынын, бүркіттің тырнағын, қасқырдың тісін бесікке ілген. Қазіргілер дымды білмейді, ырым-тыйымнан жұрдай, сондықтан пәлеге көп ұрынады», - деп айтуында мән бар.

Әңгіменің жазылу формасы ерекше. «Табалдырық», «Жұмбақ», «Қарға», «Қорым», «Студент», «Қара дақ», «Омарта» деген бөлімдер, біріншіден, оқиғаның тез өзгеріп құбылуын байқатса, екіншіден, әр бөлімнің көркемдік салмағы бар.

Жалпы, «Тырнақ» әңгімесі әсерлі қабылданады. Туындыда табиғаттың

жұмбақ құбылысының суреттелуіне орын берілгенмен, автор өнер саласында мистиканың кең қанат жаюына алаңдаушылық білдіреді. «Мистиканың тым тартымды екені рас. Соны білген соң қазіргі американдық киносы қансорғыштардан, сайтандардан романтикалық образ жасап алды. Бұл қатерлі адасу. Зұлымдықты сұлуландырудың түбі неге апарып соғатынын болжау қиын» [5], - дейді жазушы.

Автор тұлға концепциясында қазіргі уақыт шындығына табан тірейді. Кейіпкерлері оқыған-тоқыған бүгінгі замандастар болғанмен, халықтың наным-сенімдеріне құрметпен қарайды. Оның түп-төркінінде шындық барына сенеді. Ерболат ұлының Лондонда оқуы – қазіргі уақыт көрінісі. Полиция сержантының кейін зейнетке шығып, ескі қыстаудың орнын бұзып, бизнес шаруашылығын салуы – заман өзгерісінің белгісі іспетті. Жазушы қазіргі уақыт шындығына сәйкес қаһармандарын шектемейді.

А. Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінің эстетикалық қуаты жоғары. Шығарма сюжеті бір қарағанда тың емес. Түрікмен мен қазақ арасындағы ертеден жалғасқан шапқыншылық. Шапқыншылықтың елге тигізер зияны мен адам тағдыры өзге де қаламгерлердің туындыларына арқау болған. Дегенмен, әңгімеде бұрынғы сарын қайталанбайды. «Дүниеге шығарма әкелетін қуатты күш –көзі ашық дүниетанымға сүйенетін суреткер қиялы, қанатты фантазия» [6, 36] деген академик Р. Нұрғали тұжырымы туынды табиғатын аша түседі. Шығармашылық қиял өрістілігі сүйсінтеді. Автор қаһарман психологиясын бейнелеудің оңтайлы жолын тапқан.

Шығарма кейіпкері екі адам. Біріншісі – құлдықтың қамытын ерте киіп, бүкіл өмірін сарп еткен бейбақ қарт

болса, екіншісі – жаугершілікте еріксіз құлдыққа енді түскен өрімдей жас. Жас баланың ендігі тағдыры не болмақ? Тұтқынға түскен бала болашақ өмірін толық елестете алмаса, қарт оны жақсы біледі. Жат жердегі құлдықтың бар қасіретін бастан кешіріп отыр. Әңгімедегі контраст, авторлық баяндау бейнелігі, сюжеттің тосын бетбұрысы мен қуаты, тарихилық сипат пен психологиялық шынайылық автордың стильдік даралығын бекіте түскен.

Алпыс жыл ғұмырын құлдықта өткізген жылқышы шалдың тағдыры мен оның туған жерге деген сағынышы, жанкешті әрекеті сюжеттің шиеленісін қоюлатады.

Әңгіме: «– Қай ноғайсың?» деген шалдың сұрағымен басталады. Сұрақтың экспрессивті-эмоциялық қуаты мол. Оқырманын тарих қойнауына жетелейді. Жалпы, автор қай әңгімесіне болмасын, ішкі мол дайындықпен келеді. Бұрынғы сүрлеуден шет болу – басты концепциясы.

Туынды баяндауында реалистік суреттеу мен романтикалық сарын аралас келеді. Тұтқиылдан тап болған түрікпендердің қалың тобына тайсалмай қарсы шапқан үш жылқышының бейнелері мен ерен қимылдары көтеріңкі пафоспен суреттелген. «Ат құлағында ойнап өскен қыр баласы сол қырғын күнгі мың жылқысын қорыған қыпшақтың шетінен сүйекті, сай тасындай ірі, сом білегі тізеден келетін үш ер азаматының қасында шоқайып, өзі тіленіп, ат арқасынан түспей қойған. Қырық қаралы теке түрікпен жер астынан шыққандай, жусаған жылқыға андыздай тигенде аз қыпшақ сүйірленіп, найза кезене, қарсы шабуылға қасқая ат қойды» [7].

«Сом білегі тізеден келетін» үш ер азаматтың өлімге тайсалмай қарсы тұруы – қанға сіңген ерлік рухын елестетіп өтеді. «Кенжебек астына

мінген дегдар тұяқты жануар қику тиіп, құйрық-жалы нөсердей құйылып, дүр сілкінгенде желдей ескен мың бас жылқыдан үркіп, кісінеп салды. Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы болғанымен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қимай, көн садағын қолға ала ұмтылды. Омыраулай қарсы келген жалбыр бөрік дәу түрікпен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды». Авторлық баяндаудағы таныс фольклорлық қолданыстардың жаңғыртылуы – әңгіме стилін байытқан. «Дегдар тұяқты жануар», «құйрық жалы нөсердей құйылып», «желдей ескен», «көн садақ» көркем мәтінде реалистік баяндаумен жымдасып, әдемі мазмұн түзген.

Туындыда екі тағдыр параллель алынған. Жас бала қандас шалды көңіліне медет тұтса, шалдың ойы басқа. Елінен жырақта өткен құлдық өмір – өмір емес. Өзін кеудесінде жанын сүйреткен тірі өлік сезінеді. Сондықтан атын, елін сұраған жас серігіне айтуды жөн көрмейді.

« – Қаңбақша ауып, тамырсыз дедектеген мен бір қаңлы», - деп күңіренеді. Тұлғаның көркемдік концепциясы айқын: ішер асың, киер киімнің болғанмен, құлдық өмір – сор. Тасқұл алпыс жыл бойы Атажан байдың жылқысын бағып, сеніміне кірген. Байдың теке жәуміт сәйгүліктері Тасқұлдың баптауымен талай бәйгеде қара үзген. Мәнсіз-мағынасыз тіршілік тағы қайталанбақ па?! Туындыдағы сюжет осылай шиеленіседі. Авторлық тереңнен аңдатар идеясы – азат күннің бағасын білейік, ағайын дегенге саяды.

Жыл он екі ай өткенде, бір күні жылқышы шал бай үйінен ерекше көңіл күймен оралады. Атажан елінде той болатын болып, қос тұлпарын баптауды қарт қазаққа бұйырған екен. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы, бұл

құдайдың бұйрығы, аруақ жебеді» деп таси сөйлейді жылқышы шал. Бірде жеті қараңғы түнде баланы шырт ұйқыдан оятып алып, сөз бастайды. Автор диалогке ерекше мән берген.

«– Шырағым, сын сағатың туды, ал, көзіме тік қара, сөзіме бақ! – деп бұйыра сөйледі жылқышы. – *...Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшігі бөлтірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екеніңді мынау құмдағы мимырт елге мықтап танытар күн туды!»* - дейді. Оның көңілінде найзағай оты ойнайды. Дүр сілкінген. Сөзі де қазақтың әріден толғап ой тартатын шешендік ділмарлығына ұштасқан.

«– Кенжебек, жас та болсаң, бас болар сәт келді... Бәйгенің ең қызған шағында кертағыдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежәуміт бектеріне атасын таныт! Сол сәт менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліне қашасың!»

Құлдыққа мойынұсынғанмен, шалдың көкірегі сара екен. Әңгіменің тосындығы осында.

Туындыда Кенжебектің ат бәйгесінде бірнеше айналымда озып келіп, тамашалаушы жұрттың делебесін қоздырғаны, ақырғы сәтте «Ойбас, Ойбас!» деп ұрандай шауып, еліне қарай тіке тартқаны суреттеледі. Авторлық концепция – қолға түсіп, құлға айналса да, рухы өлмеген Тасқұл шалдың еркіндікті аңсауын жырлау. Азаттық – ұлы құндылық. Автор құллықтың халыққа, адамға қаншалықты қасірет екенін шал тағдыры арқылы көркем бейнелеген.

Теоретик В.Е. Хализев: «Прежде всего, искусство имеет творческий (созидательный) характер» [8,14], - дейді. «Шашты» әңгімесі халықтың ғасырлар бойы аңсаған азаттық рухына толы.

«Қоңырқаз»(1987) – жазушының алғашқы әңгімелерінің бірі. Автор туынды идеясын Х.К. Андерсеннен алдым дегенмен, далалық табиғат, далалық мінез, әдемілік пен тазалыққа құштар аңыз – шығарма шырайын ашқан.

Шығарма реалистік суреттеумен басталады. Үлкен сахнада жолы болмаған, оның үстіне некесіз аяғы ауыр Қаршыға қойшы ағасына хат жазады. Ағасы жалғыз қарындасының тілегін қабыл алады. Мұнан кейінгі сюжеттік байланыста қойшы үйі маңындағы көл табиғаты, онда сансыз құстардың ұя салуы, аяғы ауыр Қаршығаның құстардың жұмыртқасына жерік болып, белуардан су кешіп жүріп, құс жұмыртқаларын жарып жеуі баяндалады.

Дүниеге Хорлан есімді сүйкімді қыз келген. Аға-жеңгеде ес жоқ. Жиендерін сырттай иемденгенмен, оқиға басқаша өрбиді. Қаршығаның қызынан айырылғысы жоқ. Бөлек шыққанда өзіменбірге алып кетеді. Кішкене қыз ерекше болып өседі. Сәби кезінде арқасында байқалған құс қанатының орнындай бүртік те жыл сайын өсе береді.

Әңгіменің аңыздық сипаты осылай өрілген. Тың, тосын жай. Оқырманын еліктіреді. Балалар мазақтаған соң, қыз мектепке баруды да қояды. Оның жаратылысы бөлек екенін сезген анасы қызғыштай қориды. Өсе келе қыздың құс әлеміне ынтызарлығы артады. Тосын көрініс эпизодтан эпизодқа өрістетіліп, кішкентай қаһарман бойындағы психологиялық өзгеріс сатыланып бейнеленеді. Автор мотивировкасы дәлелді. Ананың құс жұмыртқасына жерік болуы жаратылыстың ғажайып сипатына ұласқандай.

Көршінің үйіне барып, орта ғасырлық атақты суретшінің картинасын көргенде, қыз айрықша күйге түседі.

«Балақай аузы шала ашылып, құс ұшып кірсе сезбестей аңқиып, көзі отша жанып, кітапқа бар назары ауыпты. Еркежан тағаты таусылып, анасы тәрізді селт етпейтін қыз баланы сонша тұтқындап арбап тастаған не екенін білмекке құмартып қасына келді.

Қоңырқаз ортағасырлық қылқалам шеберлері жан берген, флоренциялық суретшілердің сүйікті тақырыбына айналған, құдай анасының маңында ұшып жүрген сәби кейіпті періштелерді көріп есі кетіп отырған беті екен» [9,9], - деп суреттейді автор.

Аңыздық сюжет әңгімеде жалаң алынбай, оның нанымдылығына мән беріледі. Сондықтан әр эпизод дәйектеледі. «Иттеріне айқайлап қойып қой қайырып жүрген Ақылбай қойшы қас қарая үйіне тақағанда, оңтүстікке топ-тобымен ұшып кетіп жатқан құстардың өзгеше үн шығарып, жапан далада шоқиып жеке тігілген өз түтінін бір айналып ұшып кетіп бара жатқанын көргенде қайран қалады». Енді бірде тылсым күш Қоңырқаздың көл басына барғандағы әрекетімен дамытылған. «Мойнын әсем иіп суда жүзген аққуларды көргенде Қоңырқаз дүниедегінің бәрін ұмытты. Жұрт бүкірліктің белгісі деп қабылдаған қос қанаты арқасын жапқан шүберекті тесердей бұлқынып, ес-түсін білмей суға күмп бергенде Қаршыға дауыс салып жылап жіберді» [9,11].

Сюжеттің шириғыуымен Қоңырқаздың табиғаты ашыла түскен. Туынды кульминациясы – Қоңырқаздың биікке самғап көтерілуі, еркіндік аңсауы. Аңсары – аққулы көл.

А. Сейілова «Құсқа айналған қыз» мақаласында «Қоңырқаз» әңгімесін магиялық реализм шығармасы деп бағалайды: «Атақты «Жүз жылдық жалғыздық» әдебиеттегі магиялық реализмнің ең таңдаулы мысалы. Шығарма емес, ертегі оқыған сияқты

боласың. Бірақ бәрібір шындық ретінде қабылдайсың. Адамға торайдың құйрығы өсіп шығуы мүмкін нәрсе емес, бірақ, күнәға, былыққа белшеден батқан жиіркенішті, күнәһар пенделерге торайдың құйрығы өсіп шығуы керектігі туралы ой адамның санасында әбден мақұлданған, бекіген... Дәл сол себепті «Қоңырқаз» әңгімесіндегі кішкентай, бейкүнә сәбиге қос қанаттың өсіп шығып, оның адамдардан қорлық көрмеуі үшін аспанға ұшып кетуін де оқырман еш кедергісіз шындыққа балай алады» [10], - дейді. Әңгімеден адамдық пасық пиғылдан жоғары тұратын тазалық, әдемілік туралы тұспалды идея аңғарылады.

«Көкқия» әңгімесі – «шежірелік отбасылық жанрдағы» туынды. Авторлық баяндаумен шежірелік деректер молынан қамтылған шығармада соғыс жылдарындағы халықтың ауыр тұрмыс-жайы, соны жеңіп шыққан халықтық рух бейнеленеді. Мәскеуден елге демалысқа оралған Түсіпхан ауылда бір айдай еркін аунап-қунаған. Соғыста барлаушы болған ол әскери оқуға қабылданған. Жас жігіт ауылда қарап жата ма, құдық қазған. Енді, міне, әкесінің ескі қыстағының төбесін қайта жаппақшы.

Әңгіме мазмұны бай. Атамекеннің тау баурайы, табиғат реңі, осы жерді бұрыннан қоныс еткен ата-бабалар тарихы кеңінен суреттеледі. Түсіпхан соғыста болған көрген-түйгені көп адам ғана емес, ескіліктің шежіресін көкірегіне түйген жан. Автор оқырманға ой салады. Әр адам ата-тек шежіресін білгені абзал. Ата-тек шежіресі – әулет тарихы. Әулет ел тарихымен ұласады. Туындыда әулет тарихының кеңінен баяндалуы маңызға ие.

Тау бөктерінен ағаш кесіп, алып келе жатқан Түсіпханның арба аударылып, буылған сырғауылдардың астында қалуы – сюжетті



шиеленістірген. Іздеп келер адам жоқ. Кеш батады, түн болып, таң атады. Аяғы ғана сыртта қалып, бүкіл денесі ағаш астында жаншылған ол өлім халінде. Оның есіне бүкіл әулеті түсіп жатыр. Ет-бауыр жақындарын құтқарып алуға шақырады. Ата-баба аруағына сыйынып, Жаратқанға жалбарынады. Автор эпизодты шығармашылық қиялмен өрістетіп береді.

«Ауыр салмақтан езілген жаны мылқау бебеулейді. Ол ауылындағы еңбектеген баладан еңкейген кәріге шейін бірін қалдырмай есімін атап дауыстап шақыра бастады...

- *Әбдіхамит ағам, Нұржан жеңгей, кіші шеше, Шәкен тәте, Оразхан аға - Оқам-ау, Кенжеғаным тәтем, Ырысқайша қарындасым, Сілэтай аға, Үкібас жеңгей, Бағдаш, қос қарындасым Қайнікен мен Қаншайым, қарлығаштай ұшып жетші жаныма қарақтарым, ағаларың жазатайым мынадай болды.*

Оның ұжмақ пен тозақ арасындай қыспақтан жанұшырған ойы ізінше жасөрім балаларға ауысты:

- *Алданыш, Секен, Ғазиз, Жәкал, Құсман, Тоқтан, Биғайша, Әбдікен, Дүйсен, Майра, Амантай, Жеңісқазы, Тұмарбай, маған жедел көмекке келсеңдерші бауырларым, Түсіпхан ағаң қор болды ғой!»* [11].

Ауыз әдебиетіндік көркем деталь шығарма шырайын аша түскен. «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің алты қазбен мұндасуы еске түседі. Бауырлары тауып, шалажансар Түсіпханды ауылға алып келгенде, есі кіресілі-шығасылы ол бауырларын шақырғанын, келмегенін күбірлеп айтып жатады. Бауырмалдық сезім, қиын сәтте бірін-бірі іздеу – қазақы болмыстың көрінісі. Автор халықтың осы өзгеше қасиетін биіктете жырлайды.

Түсіпханды көк күмбезді ата-баба зиратына қояды. Қырық күн бойы

қарындастары мен жеңгелері жоқтау айтады.

*«Ақ үй тіктім аралға, аралым өрер самалға. Алшаңдай басып жүргенде, жығылды-ау атым томарға. Сүрмедім дәурен еркімше. Күн дегенім түн болды-ау».*

*«Жаны ашымас қу жалған, таршылық кімге салмаған. Жалғызым, әттең қайтейін, қызығыңа қанбаған»* [11].

Әңгімеде қазақы дәстүр-салт жырланған. Бауырмалдық сезім асқақтатылған. Түсіпхан образы – ата-тек шежіресін, халықтың салт-дәстүрін бойына сіңірген тұлға. Ал біз ата-тегімізді білеміз бе? Автор образды тар құрсауға салмайды. Көрікті жігіттің Мәскеуде күтіп жүрген қызы бар еді дейді. Тағдыр деген сол, Түсіпхан туған жерінде байыз тапты. Автордың: «Мен шығармаларыма негізгі қоректі ауыз әдебиетінен аламын» [3], - деген сөзін «Көкқия» әңгімесі бекіте түскен.

**Қорытынды.** Әдебиеттанушы Ж. Дәдебаев: «Көркем шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының творчестволық ойлау сипатымен, дүниетанымы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады» [12,244], - дейді. Осы тұжырымды А. Кемелбаеваның әңгімелерінен байқауға болады. Оның әңгімелері концепция тыңдығымен, сюжет құру, тілдік-стильдік өзгешелігімен дараланады. Реализмнің мифтік-мистикалық желілермен, детективтік сарынмен ұштасып жатуы жанрлық-құрылымдық жаңашылдыққа бағытталған. Шығармаларындағы тұлға концепциясы соны: кейіпкерлері әр алуан тағдырлы қарапайым адамдар болғанмен, жаратылыстың құдіретіне сенеді, халықтық наным-сенімнің, ырым-тыйымның тегін еместігін сезінеді, дәстүр-салт, отбасы құндылықтарын, бауырмалдықты

қадір тұтады. Олар әлемдік өркениетпен ұштасып жатқанмен, ұлттық болмысты жоғалтпауға, түп тамырдан қол үзбеуге ұмтылады. Жазушының әңгімелерінде тұлғаның көркемдік концепциясының

басты принциптері – жинақтаушылық пен субъективизм, динамизм, тың көркемдік шешім, тағы басқа белгілер шығармашылықпен орындалған [13,8].

#### Әдебиеттер тізімі

1. Колобаева, Л.А. Концепция личности в творчестве М.Горького. Учебные пособия [Текст] / Л.А. Колобаева. - Издательство Московского университета, Москва, - 1986. - 54 с.
2. Султан Н. Особенности понятия «Художественная концепция личности /<https://cyberleninka.ru/article/osobennosti-ponyatiy...>; Бабшанова Г.Н. Художественная концепция личности в прозе сибирско татарских писателей XX века: Занкиев Я.К., Сулейманов Б.В. Тобольск. 2009. 150 с.; Гапон Е.С. Художественная концепция личности в творчестве В.Г. Распутина 1990-2000-х гг. Армавир, 2001. 167 с.; Гуреев В.Н. Формирование художественной концепции человека в поздний советский период // Вестник Воронежского государственного университета. Сер. Филология. Журналистика. 2008. №1. С. 31-33; Павлов Ю.М. Художественная концепция личности в русской и русскоязычной литературе XX века: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. М.: ИМЛИ РАН, 2004. 374 с.; Панеш У.М. Типологические связи и формирование художественно-эстетического единства адыгских литератур. Майкоп: Адыг. кн. изд-во, 1990. 285 с.; Урманов А.В. Поэтика прозы Александра Солженицына. М.: Прометей, 2000. 231 с.; Хуажева Н.Х. Художественная концепция личности в прозе Аскера Евтыха: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Майкоп, 1999.
3. Кемелбаева А. «Тіленші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын» [Электронды ресурс] Кіру режимі: <http://madeniportal.kz/article/4337> Қаралған күні: 15.06.24
4. Кемелбаева, А. Тырнақ (әңгіме) [Электронды ресурс] Кіру режимі: <http://www.madeniportal.kz/article/7422> Қаралған күні: 15.06.24
5. Кемелбаева, А. «Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс» [Электронды ресурс] Кіру режимі: <http://www.madeniportal.kz/article/4737> Қаралған күні: 15.06.24
6. Нұрғали, Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Монография [Мәтін] / Р.Нұрғали. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.
7. Кемелбаева, А. Шашты (әңгіме) [Электронды ресурс] Кіру режимі: <http://www.madeniportal.kz/article/4738> Қаралған күні: 15.06.24
8. Хализев, В.Е. Теория литературы: Учебник [Текст] / В.Е. Хализев – 4-е изд. испр. и доп. М.: Высш. шк., 2004. – 405 с.
9. Кемелбаева, А. Тобылғысай. Повесть және әңгімелер [Мәтін] / А.Кемелбаева. Астана: Елорда, 2001. – 120 б.
10. Сейілова, А. Құсқа айналған қыз / Егемен Қазақстан, 24 қараша 2020.
11. Кемелбаева, А. Қияда [Мәтін] / А.Кемелбаева // Қазақ әдебиеті. – 2004. - 8 қазан.
12. Дәдебаев, Ж. Көркем шығарма және оның негіздері [Мәтін]. Кіт. Нұрғали Р. Шығармалары / Ж.Дәдебаев. – Астана: Фолиант, 2013.– 416 б.
13. Хуажева, Н.Х.Художественная концепция личности в прозе Аскера Евтыха [Текст]: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Майкоп, 1999.

*Мақала редакцияға 29.07.24 түсті*

У.Сәменқызы\* - Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан  
Р.С.Тұрысбек – Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПЦИИ ЛИЧНОСТИ-АВТОРА В РАССКАЗАХ ПИСАТЕЛЯ А. КЕМЕЛБАЕВОЙ

**Аннотация.** В статье рассматривается концепция личности в рассказах писателя А. Кемелбаевой. Концепция личности в произведении-результат мировоззрения, позиции автора. Личность-носитель авторской точки зрения. Основной целью научной работы является рассмотрение всего тесного единства между автором и личностью на основе рассказов писателя, анализ особенностей создания и познавательно-идейного характера образов, индивидуальности подхода. Образы в рассказах автора, хотя и были простыми трудящимися из разных сфер, но образованными, проницательными для мирового феномена сегодняшнего времени. Ощущая таинственную силу творения, она опирается на убеждения народа в его понимании. Верит в благодать Творца, в его силу. Отмечается, что свобода вероисповедания, нравственность, ее значение в жизни человека являются одними из главных характеристик героев писателя. Его рассказы, вдохновленные передовыми образцами мировой литературы, отличаются неожиданным сюжетным развитием, богатством нового художественного решения и содержания, национальным колоритом. Научная и практическая значимость работы заключается в том, что современная казахская проза вносит вклад в литературоведение в изучении процесса развития, художественных изысканий и продолжения традиций. Ведь А. Кемелбаева-писатель, который не повторяет других, всегда с новыми изысканиями, стилистической индивидуальностью привносит новшества в казахскую литературу. Особенно мифико-мистический характер в рассказах, детективная линия, этнографические сцены, оживленное использование традиционных образцов устной литературы выражают стилистическую индивидуальность автора, специфику художественного мировоззрения. При филологическом анализе литературных текстов использовались биографические, историко-социальные, структурно-описательные, психоаналитические методы. Результаты исследовательской работы можно использовать на специальных курсах филологического направления вузов, на лекциях современной казахской литературы. Теоретико-практическое значение итогов работы характеризуется определением в литературоведении главного места концепции личности в анализе художественного произведения, историчности и других особенностей.

**Ключевые слова.** Концепция личности, художественное мировоззрение, художественная реальность, авторская позиция.

U.Samenkyzy - M.Kh.Dulaty Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan  
R.Turyzbek – L.N.Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

## FEATURES OF THE CONCEPT OF THE PERSONALITY - AUTHOR OF THE STORIES A.KEMELBAEVA

**Abstract.** The article discusses the concept of personality in the stories of the writer A. Kemelbaeva. The concept of personality in the work is the result of the author's worldview, position. Personality is the carrier of the author's point of view. The main goal of the scientific work is to consider the entire close unity between the author and the person on the basis of the writer's stories, analyze the features of the creation of images and the cognitive-ideological nature, the individuality of the approach. Although the images in the author's stories are simple working people of various fields, they are educated people of today's time, savvy in the

phenomena of the world. Feeling the mystical power of creation and understanding it, he relies on the beliefs of the people. He believes in the truth of the creator, in his power. It is noted that freedom of belief, morality, and its significance in human life are one of the main characteristics of the writer's heroes. The main direction in his works is rooted in the best examples of World Literature; his stories are distinguished by an unexpected plot development, a rich artistic solution and content, National color. The scientific and practical significance of the work is that it contributes to literary studies in the study of the process of development of modern Kazakh prose, artistic searches and the continuation of traditions. After all, A. Kemelbaeva is a writer who does not repeat others, always brings innovations to Kazakh literature with his fresh searches and stylistic individuality. Especially in his stories, the mythical-mystical character, the detective line, ethnographic scenes, the revived use of traditional examples of oral literature express the author's stylistic individuality, the specifics of the artistic worldview. In the philological analysis of literary texts, biographical, historical-social, structural-descriptive, psychoanalytic methods were used. The results of the research work can be used in special courses of Philology of higher educational institutions, lectures on modern Kazakh literature. The theoretical and practical significance of the results of the work is characterized by the identification of the main place, historical nature and other features of the concept of personality in literary studies in the analysis of a work of art.

**Key words.** The concept of personality, artistic worldview, artistic reality, author's position.

#### References

1. Kolobaeva, L.A. *Koncepcialichnosti v tvorchestve M.Gorkogo* [The concept of personality in the work of M.Gorky] Textbooks [Text] / L.A. Kolobaeva. - Moscow University Press, Moscow, 1986. - 54 p.
2. Sultan, N. Features of the concept of "Artistic concept of personality /<https://cyberleninka.ru> " article " osobennosti-ponyatiy...; Babshanova G.N. The artistic concept of personality in the prose of Siberian Tatar writers of the twentieth century: Zankiev Ya.K., Suleymanov B.V. Tobolsk. 2009. 150 p.; Gapon E.S. The artistic concept of personality in the works of V.G. Rasputin 1990-2000's. Armavir, 2001. 167 p.; Gureev V.N. Formation of the artistic concept of man in the late Soviet period // Bulletin of the Voronezh State University. Ser. Philology. Journalism. 2008. No. 1. pp. 31-33; Pavlov Yu.M. The artistic concept of personality in the Russian and Russian-language literature of the twentieth century: abstract. ...Dr. Philol.. M.: IMLI RAS, 2004. 374 p.; Panesh U.M. Typological connections and the formation of artistic and aesthetic unity of the Adyghe literatures. Maikop: Adyg. kn. publishing house, 1990. 285 p.; Urmanov A.V. The poetics of Alexander Solzhenitsyn's prose. M.: Prometheus, 2000. 231 p.; Khuazheva N.H. The artistic concept of personality in the prose of Asker Yevtykh: abstract. ... candidate of Philological Sciences. Maykop, 1999.
3. Kemelbaeva, A. Tilenshi, zarzhakprozasymakty unatpaimyn [I don't like Tilenshi, zarzhak prozasymak] [electronic resource] Access mode: <http://madeniportal.kz/article/4337> Review date: 15.06.24
4. Kemelbaeva, A. Tyrnak (angime) [Nail (story)] [Electronic resource] Access mode: <http://www.madeniportal.kz/article/7422> Review date: 15.06.24
5. Kemelbaeva, A. Zhazushy izgiliktin iesi boluy tiis [The Writer must be the owner of virtue] [Electronic resource] Access mode: <http://www.madeniportal.kz/article/4737> Review date: 15.06.24
6. Nurgali, R. *Soz onerinin estetikasy* [Aesthetics of the art of the word]. Monograph [Text] / R. Nurgali. - Astana: Elorda, 2003 - 424 p.
7. Kemelbaeva, A. Shashty (angime) [The Hair (Story)] [electronic resource] Access mode: <http://www.madeniportal.kz/article/4738> Review date: 15.06.24

8. Khalizev, V.E. Teoriya literatury [Theory of literature]: Textbook [Text] / V.E. Khalizev – 4th ed. ispr. and additional. Moscow: Higher School, 2004. – 405 p.
9. Kemelbaeva, A. Tobolgysay. Povest zhane angimeler [Tobolgysay. Narrative and stories] [Text] / A. Kemelbaeva. Astana: Elorda, 2001. – 120 p.
10. Seilova, A. Kuska ainalgan kyz [The girl who became a bird]. Egemen Kazakhstan, 24 November, 2020
11. Kemelbaeva, A. Kiyada [On the cliff]. Kazak adabiet, 8 October - 2004.
12. Dadebayev, Zh. Korkem shygarma zhane onyn negizderi [The work of art and its foundations]. Literary theory: versification. Book I. –Astana. Foliant, 2013. - 416 p.
13. Khuazheva, N.H. Hudozhestvennaya koncepcia lichnosti v proze Askera Evtyha [The artistic concept of personality in the prose of Asker Yevtykh]. abstract. dis. ... Candidate of Philology sciences. Maykop, 1999.

**Мақалаға сілтеме:**

*Сәменқызы, Ұ. Жазушы А.Кемелбаева әңгімелеріндегі тұлға концепциясы [Мәтін] / Ұ. Сәменқызы, Р.Тұрысбек // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №3. – Б. 22-34.*  
<https://doi.org/10.55956/VLYJ9401>